



М.Әуезов

“АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫ.

Мұхтар Әуезов



*Абай
жолы*



Әуезов Мұхтар Омарханұлы
(1897-1961)

«Абай жолы» - Мұхтар Әуезовтың әлемге әйгілі тарихи романдар топтамасы - қазақтың тұңғыш эпопеясы. 1-кітабы 1942, 2-сі 1947, 3-сі 1952, 4-томы 1956 ж. жарыққа шықты. «Абай жолы» арқылы қазіргі қазақпрозасы күллі дүние жүзі әдеби классиканың шырқау шыңына шықты. Сөйтіп, 19 ғасырдың 40-50-жылдарын М. О. Әуезов туған әдебиетіміздің даму тарихында бұрын-соңды болып көрмеген ренессансқа айналдырды. Мұның өзі заңды да, өйткені «Абайдай» шығарма бұл тұсқа дейін қазақ әдебиетінде болған емес».



Абайды таныту
арқылы біз
Қазақстанды
әлемге
танытамыз, қазақ
халқын
танытамыз. Абай
әрқашан біздің
ұлттық ұранымыз
болуы тиіс.

Н.Ә.Назарбаев



«Абай жолы» - ұлы жазушының ұлы туындысы - бас кітабы, ол өзінің өлшеулі ғана ғұмырында өлшеусіз шығармашылық ерлік жасап, өзінің осынау мәңгілік кітабын жазып үлгіріп кетті. Дананың өз ортасынан әрқашан озық, оқшау тұратын даралығы да осы арада жатыр.

«Абай жолы» эпопеясы дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған

Кітап кейіпкерлері

- Абай(Ибраһим) Құнанбайұлы— ақын, ағартушы, композитор, аудармашы.
- Құнанбай - би, аға сұлтан, Абайдың әкесі, көрнекті қайраткер.
- Зере – Абайдың әжесі. Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы.
- Ұлжан - Құнанбайдың екінші әйелі, Абайдың анасы.
- Біржан сал — Әйгілі қазақ ақыны, сазгер.
- Еркежан - Оспанның бәйбішесі. Сұлу, қылықты, мінезді, көзі ашық
- Ділда - Абайдың бірінші әйелі.
- Базаралы - Абайдың әкесі Құнанбаймен тартысып, айтысып өткен адам.
- Шөже - шыншыл жыршы, ақын.
- Бөжей - Жігітек руының билеушісі
- Тоғжан - алыстан қарайлайтын қол жетпес арман секілді махаббат таңының үлгісі; әні сәніне, сәні әніне астасқан асыл ару.
- Қуандық - ақын қыз
- Салтанат - Абайдың досы, ақын қыз,
- Әйгерім - жас жігіттің нақ сүйер сұлу жарының аяулы үлгісі...
- Дәркембай - кедей жатақтардың бас көтерер адамы, намысшыл,
- Мәкен - Абайдың келіні, Әбдірахманның жары, шын аты Мағрипа
- Ербол - Абайдың жан досы.
- Тәңірберген (Тәкежан) -Абайдың ағасы,Құнанбайдың үлкен баласы.
- Өскенбай Ырғызбайұлы - Абайдың атасы, тобықты руының атақты биі



«Абай жолының» бас кейіпкері - Абай. Абайдың адам, азамат, ақын ретінде қалыптасуы сол жарты ғасыр ішіндегі қазақ қоғамының барлық саласындағы өмірдің барлық ойы-қыры, қия-қалтарысымен өріле суреттеледі. Абай арқылы өткен ғасырдың екінші жартысындағы және осы ғасырдың басындағы бүкіл халық тіршілігін, оның көп бұралаң тағдырын, ой-арманын, мақсат-мүддесін, күрес-тартысын... бәр-бәрін түгел шарлап өтеміз.

Абай бейнесі



Алғашқы кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер ретінде қиян-қилы қимыл-әрекеттерге көшеді. Осы желінің ұзына бойында оның тарам-тарам өсу, даму жолдары, белес-белес өрістеу, шарықтау биіктері жатыр. Қаһарман іштей түлеп өседі. Демек, рухани мағынасында Абай, бір жағынан, сыр мен сезімнен, ой мен санадан құйылып жасалған терең психологиялық тұлға. Бас кейіпкердің парасат пен философияға толы болмыс-бітіміндегі қайталанбас қадыр-қасиетте осында жатыр. Абай - кең құлашты, мол тынысты эпикалық тұлға.

Құнанбай бейнесі




Құнанбай тұлғасының жасалу шеберлігі бүкіл дүние-жүзілік әдебиет тарихында сирек ұшырасады. Әдеттегі түсінікпен атасақ, Құнанбай - жағымсыз кейіпкер. Дұрысында да солай, кері кеткен кер заманның жанкешті жақтаушысы, рулық-феодалдық жүйенің бір тінін үзгісі, бір өрімін ыдыратқысы келмейтін шынжырлы шонжар - жаңаның жауы, күні өткен, тозығы жеткен көненің жамап-жасқаушысы...

“Абай жолы” романы

1 том 1942 жылы


2 том 1947 жылы



1949 ж. Мемлекет
сыйлығы берілді

3 том 1952 жылы

4 том 1956 жылы



1959 ж. Лениндік
сыйлыққа ие болды.

Көркем шығарманың сюжеті, көтерген тақырыбы, проблематикасы

1 том

ҚАЙТҚАНДА
ҚАТ-ҚАБАТТА
ШЫТЫРМАНДА
БЕЛ-БЕЛЕСТЕ
ӨРДЕ
ҚИЯДА



2 том

ТАЙҒАҚТА
ЖАЙЛАУДА
ЕҢІСТЕ
ОҚАПТА
АСУДА
ТАРАУДА
БИИКТЕ

3 том

АБАЙ АҒА
КЕК ЖОЛЫНДА
ҚАРАШЫҒЫН
ӨКІНІШТЕ
ҚАҚТЫҒЫСТА
ҚОРШАУДА

М.Әуезов

(1897-1961 ж.ж.)

“Абай жолы”

Романы.

4 том


ТҮН-ТҮНЕКТЕ
ҚҰЗ-ҚИЯДА
ҚАПАДА
ҚАСТЫҚТА
ШАЙҚАСТА
ЖҰТТА



Абайдың өсу жолы



Құнанбайдың құлдырау жолы



КӨРКЕМ ОБРАЗДАРЫ, ОБРАЗДАР ГАЛЕРЕЯСЫ. “АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ТОБЫ.

№	Тақырыбы	Кейіпкерлер
1	“Шыңға шыққан жас шынар”	Абай
2	“Адамның емес, ата ұлдары”	Құнанбай, Оразбай, Тәкежан (дәулетті адамдар)
3	“Аталының қорлығы қосқандар”	Дәркембай (кедей)
4	“Жарқ етпес қара көңілім”	Зере, Ұлжан, Тоғжан, Әйгерім, Ділдә
5	“Өмірге көзімді ашқан”	Пушкин, Толстой, Михаэлс

М. Әуезов “Абай жолы” романындағы әйелдер бейнесі.

“Қарашығым қоңыр
қозым...”

Абайдың аналары -
Зере мен Ұлжан

“Көзімнің қарасы”
Сүйген жарлары –
Тоғжан, Әйгерім

“Жолыңа жаным
кұрбан”
Бақытсыз
шерменделер –
Керімбала, Үмітей

“Сенсіз дүние маған
жоқ”

Мағрипа, Мәкен,
Салиха

“Қапастағы еркелер”:
Салтанат,
Нұрғаным, Еркежан

“Күндестің аты –
күндес”:
Айғыз, Ділдә

Романдағы Құнанбай әрекеті.

Эпопеяның негізгі бөлімдері	Құнанбайдың іс-әрекеті
“Қайтқанда”	Қодар мен Қамқаны өлім жазасына кесуі. Қарашоқыда үкімді орындату
“Қат-қабатта”	Құнанбайдың аталас руларға өктемдігі. Жігітек, Бөжей ауылын шабуы
“Жолда”	Қарқаралыда мешіт салдыртуы Бөжейлердің Құнанбаймен татуласуы
“Шытырманда”	Абайды Құлыншакқа жіберуі Кәмшәт жайын, Абайдан естуі. Өз мойнына кінә алуы
“Бел-белесте”	Құнанбайдың Майбасар мен Құдайбердіні жазалаған жігітек аулын шабуға жиналуы. Құнанбайдың шегінуі
“Өрде”	Құнанбайдың Байсал қыстауына таласуы. Құнанбайдың Базаралыны жат көрмеуі, оны бағалай түсіне білуі. Абайға таққан үш кінә
“Тайғақта”	Құнанбайдың қажыға аттануы
“Оқапта”	Өз немересі Әмірді өлтірмек болуы. Ақшоқыда туған Абай әнінің Құнанбайға жат естілуі, әнге тиым салуы


Романдағы Абай әрекеті.

Эпопеяның негізгі бөлімдері	Абай іс-әрекеті
“Қайтқанда”	Әке қолындағы қаннан үркеді, қатты шошиды. Ауырып қалады
“Қат-қабатта”	Шөже өнеріне сүйсінеді, әрі әкесі үшін қатты ұялады. Шындықты мойындайды
“Жолда”	Алғаш рет әкесінің қаталдығына қарсы шығады
Шытырманда	Тоғжанды сүйе тұра, ескілікке қарсы шыға алмайды
“Бел-белесте”	Әкесінің Бөжей аулына істеп отырған әділетсіздігін бетке басады
“Өрде”	Ескілікке қарсы шыға алмайды, әке тілін алмай, Бөжейге ас береді, елге аты тарайды
“Қияда”	Жұттан кедей аулын қорғайды. Орыс әдебиетіне бой ұрып, өз бетінше оқи бастайды. Әкесіне тойтарыс береді.
“Тайғақта”	Абайдың Дәркембайды жұбатуы, Әйгерімді кездестіруі. Әйгерімге үйленуі
“Жайлауда”	Майбасардың кедей-кепшікке істеп отырған зорлығына тыйм салуы
“Еңісте”	Абайдың Пушкинді оқуы. Ласовский, Андреевтермен пікірлесуі. Михайловпен кездесуі. Достық
“Оқапта”	Өмірді ажал тырнағынан арашалауы. Қансонарда өлеңінің тууы
“Биікте”	Пушкинді аударуы. Татьянаның зарын Әйгерімнің әсем әнімен қазақ сахарасына танытуы
“Эпилог”	Абай – ақын. Абай өлеңдерінің халық арасына таралуы.

Абайдың әжесі Зере.



Зере - (1785 – 1873) – Абайдың әжесі. Өскенбай бидің бәйбішесі, Құнанбай қажының анасы. Азан шақырып қойған аты – Тоқбала. Өскенбай би 5 әйелінен 10 бала сүйген. Зереден Құттымұхамбет (жастай қайтыс болған), Құнанбай, Тайбала туған. Зерені Ырғызбай тұқымдары, барша ауыл адамдары “кәрі әже” деп атаған. Қартайған шағында құлағы естімей қалған Зере немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Абай әжесін өлеңмен үшкірген. Ақылды, зейінді, мейірімді Зере немерелерінің ішінде Ибраһимді ерекше жақсы көріп, оны Абай деп еркелеткен. Ізгі жүректі, үлкенге қамқор, кішіге пана бола білген Зере әже Абай өміріне, ақындығына игі әсерін тигізген.



Жас Абай





Кітапханадағы Абай